

Р. Ерімбет^{1*} , Т. Аманкүл¹ ,
Н. Әлтаева¹ , Ф. Әл-Бәкри²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Малайя университеті, Куала-Лумпур, Малайзия

*e-mail: ramzan.2001.kz@mail.ru

ИСЛАМ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ: ТРАНСПЛАНТАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

Бұл зерттеу жұмысында ғаламдық ғылымның дамуымен туындаған медициналық мәселеге діни контекстегі зерттеу жасалынады. Адам ағзасын трансплантациялау және донорлық XXI ғасырда жаһандық қоғамдастық үшін көптеген этикалық және моральдық сұрақтарды тудыруда. Мақалада ағза-мүшелерді трансплантациялау мен донорлыққа қатысты ислами көзқарас қарастырылады. Аталмыш күрделі мәселені дұрыс талдау үшін ислам мен шариғаттың негізгі қағидаларын немесе ислам құқығын тұжырымдау қажет. Бұл мақалада ең алдымен шариғатқа негізделген мүшелерді трансплантациялау мен донорлыққа қатысты заманауи исламдық көзқарастар қарастырылады. Зерттеу жұмысында статистика қаралып, негізгі ислам қайнар-көздеріне сүйеніп көрнекті ғалымдардың пікірі келтірілді. Ислам құқығының негізгі принциптері (ижтиһад, қияс, маслахат) негізінде трансплантация мәселесіне қатысты қазіргі заманғы пәтуалар мен заңнамалық шешімдерді кешенді түрде саралау. Мақалада мүше донорлығының шариғат шеңберіндегі рұқсат етілу шегі мен шарттарын айқындау көзделген. Зерттеу барысында ислам құқығындағы трансплантация мәселесі бойынша біртұтас консенсус жоқ екені, керісінше пікірлердің плюрализмі байқалды. Бір топ ғалымдар «дене – Алланың аманаты» деген принципті алға тартып, ағза донорлығына шектеу қойса, екінші топ «қоғамдық пайда» (маслаха) мен «төтенше қажеттілік» (дарурат) қағидалары арқылы бұл практиканы легитимдеуге тырысады. Бұл зерттеу мұсылмандардың ағза донорлығына деген көзқарасын қалыптастыратын діни факторларды зерттейді. Зерттеу нәтижелері ағза донорлығы, адам өз ағзасына ем дом іздей алу құқығы жайлы діни көзқарасты анықтады.

Түйін сөздер: трансплантация, биоэтика, шариғат, ағза донорлығы, исламдағы биоэтика

R. Yerimbet^{1*}, T. Amankul¹, N. Altayeva¹, F. Al-Bakri²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Malaya university, Kuala-Lumpur, Malaysia

*e-mail: ramzan.2001.kz@mail.ru

Conclusions of Islamic law on contemporary medical issues: the transplantation issue

In this research work, a medical problem caused by the development of world science will be studied in a religious context. Human organ transplantation and donation raise many ethical and moral issues for the global community in the 21st century. The article discusses the Islamic approach to transplantation and organ donation. To properly analyze this complex issue, it is necessary to define the basic principles of Islam and Sharia or Islamic law. This article primarily examines modern Islamic views on transplantation and organ donation based on Sharia law. The research paper reviewed statistics and also provided the opinions of prominent scholars based on major Islamic sources. Based on the basic principles of Islamic law (ijtihad, qiyas, maslahat), a comprehensive differentiation of modern fatwas and legislative decisions related to the issue of transplantation was carried out. The article provides for the definition of the limits and conditions of organ donation within the framework of Sharia. During the study, it was noticed that there is no consensus on the issue of transplantation in Islamic law; on the contrary, there is a pluralism of opinions. One group of scholars puts forward the principle that «the body is the trust of God» and restricts organ donation, while another group tries to legitimize this practice through the principles of «public benefit» (maslahat) and «extreme necessity» (darurat). This study examines religious factors that shape Muslim attitudes toward organ donation. The results of the study revealed religious views on organ donation and a person's right to treat their own body.

Keywords: transplantation, bioethics, Sharia, organ donation, bioethics in Islam

Р. Ерімбет^{1*}, Т. Аманқұл¹, Н. Әлтаева¹, Ф. әл-Бәкри²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Университет Малайя, Куала-Лумпур, Малайзия

*e-mail: ramzan.2001.kz@mail.ru

Выводы исламского права по современным медицинским вопросам: проблема трансплантации

В данной исследовательской работе медицинская проблема, вызванная развитием мировой науки, рассматривается в религиозном контексте. Трансплантация и донорство человеческих органов поднимает множество этических и моральных вопросов перед мировым сообществом в 21 веке. В статье рассматривается исламский подход к трансплантации и донорству органов. Чтобы правильно проанализировать этот сложный вопрос, необходимо определить основные принципы ислама и шариата или исламского права по данной проблеме. В этой статье в первую очередь рассматриваются современные исламские взгляды на трансплантацию и донорство органов, основанные на шариате. В исследовательской работе была рассмотрена статистика, а также приведены мнения видных ученых, основанные на ведущих исламских источниках. На основе основных принципов исламского права (иджтихад, кияс, маслахат) проведена всесторонняя дифференциация современных фетв и законодательных решений, связанных с вопросом трансплантации. В статье проанализировано определение пределов и условий донорства органов в рамках шариата. В ходе исследования было замечено, что по вопросу трансплантации в исламском праве нет единого мнения, наоборот, существует плюрализм мнений. Одна группа ученых выдвигает принцип, что «тело – это доверие Бога» и ограничивает донорство органов, а другая группа пытается узаконить эту практику с помощью принципов «общественной пользы» (маслаха) и «крайней необходимости» (дарурат). В этом исследовании рассматриваются религиозные факторы, которые формируют отношение мусульман к донорству органов. Результаты исследования выявили религиозные взгляды на донорство органов и право человека на лечение собственного тела.

Ключевые слова: трансплантация, биоэтика, шариат, донорство органов, биоэтика в исламе

Кіріспе

Ислам биоэтикасы – шариғат құндылықтарына бағытталған медициналық этика тұжырымдамасы, медициналық тәжірибедегі адам құқықтарын, міндеттемелер және моральдық құндылығын сақтауға бағытталған. Бұл тұжырымдама адамның жер бетіндегі орынбасар рөліне және дінін, өмірді, ақылын, текті және мүлікті қорғауды қамтитын «мақасид әш-шариға» қағидаттарына негізделген. Биоэтика ғылымының автономия (пациенттің өз ерік бостандығы), қайырымдылық (жақсылық жасау), зиян келтірмеу (зиян келтіруден аулақ болу) және әділеттілік сияқты қағидаттары ислам тұрғысында өзекті болып қала береді, бірақ шариғат шеңберінде болуы шарт. Бұл зерттеу қазіргі заманғы биоэтикалық қағидаттарды зерттеп және оларды ислам ілімдерімен үйлестіреді, төрт негізгі тіректен тұратын ислам биоэтикасының құрылымын қалыптастырады: насиха әл-масалих (пайданы насихаттау), дәру әл-мәфасид (зиян келтірудің алдын алу), аманат (сенім) және әладл (әділдік), ықтияр (ерік-жігер) емдеуге үмтылуды басшылыққа алатын негізгі қағидат. Бұл тәсіл Исламдағы медициналық этиканың тек

кәсіби міндеттері ғана емес, сонымен қатар ғибадат және этикалық жауапкершілік екенін баса көрсетеді. Осылайша, бұл құрылым ислам ілімдеріне сәйкес ғылыми және құқықтық аспектілерді ғана емес, сонымен қатар рухани және моральдық өлшемдерді де ескеретін биоэтикалық парадигманы ұсынады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Зерттеу жұмысының нысаны – діни көзқарастың заманауи медициналық мәселелердегі ұстанымы, ал пәні – олардың өзара байланысы мен бұл қорытындының қоғамға әсері. Діни контекстегі зерттеу арқылы адам денсаулығының басты орында тұратыны, діннің позициясы адам өмірінің жалғасуы, барлық тараптың құқығына тең қарайтыны, бұл тақырыптың терең әрі көпқырлы құрылымдағы маңыздылығын көрсету. Дін мен ғылымның қоғамдық сананың қалыптасуындағы рөлін теориялық және эмпирикалық тұрғыдан зерттеу жұмыстың негізгі мақсаты болды. Зерттеу жұмысында трансплантацияға қатысты түсініктеме, ғалымдардың пікірлері көрсетілді.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің әдістері ретінде әдебиетті жүйелі түрде талдау, салыстырмалы талдау, тарихи талдау, анализ және пәнаралық болып табылады. Сондай-ақ ғылыми әдебиеттерді теориялық талдау әдістері мен тұжырымдамалық тәсілдер эмпирикалық деректерді жинау әдістерімен біріктірілген. Себебі заманауи технологиямен жеткен мәселелер діни әдебиетте тікелей мағынада ашық сөзбен көрсетілмегендіктен терең ғылыми талдауды қажет етеді.

Тақырыпқа байланысты деректерді зерттеу барысында тек дінтанулық тұрғыдан ғана емес, пәнаралық деңгейде медицина, әлеуметтануға қатысты зерттеулер де ескеріледі.

Нәтижелері мен талқылама

Ағзаларды трансплантациялауды және донорлықты жақтайтын ислам ғұламаларының пайымынша, бұл тәжірибелер белгілі бір жағдайларда және қатаң нұсқауларда ғана қабылданатынын қатаң ескертеді яғни, ең алдымен, ешкім өз денесін сата алмайды. Органдар кез келген жағдайда және өліп жатқан адам донорлық органдар реципиентке теріс әсер әкелуі мүмкін кез келген аурулардан немесе жағдайлардан таза болуы керек. Бұл шарт. Ислам ғұламалары ағзаларды трансплантациялау мен донорлыққа рұқсат етілген белгілі шарттарды, сондай-ақ орындалуы керек талаптарды нақты белгілейді. Ағзаны трансплантациялауға және донорлыққа рұқсат етілетін шарттар: 1) трансплантация емдеудің жалғыз әдісі, яғни адам өмірі осы отаға ғана зәру болса рұқсат; 2) бұл процедураның күтілетін нәтижесі салыстырмалы түрде жоғары; 3) ағза иесінің немесе оның мұрагерінің келісімі алынған; 4) мұндай отаны жасамас бұрын ізгі сипаттағы мұсылман дәрігерлері өлімді толық растауы керек 5) реципиенттің ота және оның салдары туралы хабардар етілуі шарт (Қалымбет, 2022).

Тірі адамнан ағзаларды трансплантациялау және донорлыққа қойылатын талаптар: 1) донордың келісімі болуы керек; 2) трансплантация емдеудің жалғыз мүмкін түрі болып саналады; 3) донордың өміріне тікелей қауіп жоқ; 4) қарастырылып отырған трансплантация бұрын сәтті болған; 5) бірде-бір өмірлік маңызды мүшені донорлыққа беруге болмайды, өйткені бұл бір адамның өмірін екіншісін құтқару үшін алумен тең және оған тікелей тыйым салынады.

Адам өз ағзасының ауырып қалған мүшесін қолынан келгенше шипа іздеуі тиіс. Ислам шариғатының 5 негізгі сақтауға міндеттеген құндылықтардың бірі, ол адамның денсаулығы. Құранда Ниса сүресінің, 29 аятында, «Өздеріңді өлтірмеңдер! Шын мәнінде Алла сендерге мейірімді» десе, Бақара сүресінің, 195 аятында, «Өз қолдарыңмен өздеріңді өлімге тастамаңдар» деген бұйрық раймен келген аят бар (Алтай, 1991).

Жоғарыда келтірген аяттарда Адам баласы ауырса немесе денсаулығына зиян тисе, зақымды жойып ем алуға әрекет қылу тиіс екеніне ишара берілген. Яғни адам бір жеріне дерт түссе дұға қылып отыра беруі ғана дұрыс емес. Керісінше қолдан келгенше ем іздегені абзал болады.

Шариғат бойынша барлық ауру екіге бөлінеді.

Біріншісі Жан ауруы, Жан ауруы дерттің көзге көріне бермейтін түрі, яғни оны тек адамның мінезінен, істеген әрекетінен, сөйлеген сөзінен, таным-түсінігінен ғана байқалатын рухани аурулар жатқызылады. Құранда Жүректерінде (олардың жетпей қоймайтын рухани дерт бар) Алла олардың дертіне дерт қосуда (Алтай, 1991).

Екіншісі Тән ауруы, Құранда «Араларыңда әлдекім науқастанып, немесе сапарға шығып ораза ұстамаса (қаза болған күндерін басқа уақытта ұстасын) деген аят (Алтай, 1991). Бұл түрге физиологиялық қызметтердің дұрыс атқарылмауына әсер беретін кез келген ауру жатады. Мысалы бас ауырғаннан қатерлі ісікке дейінгі аурулар (Ерімбет & Аманқұл, 2024).

Жоғарыда келтірген дерттерге емделу жағдайына қарай 4 түрлі үкіммен бағаланады. Олар парыз, мәндүб, мубах, мақруһ.

Егер дертіне дауа алмаса, өліп кету қаупі бар немесе ағзасының бірінен айырылатындай, немесе айналаға қатер төндіретіндей (психикасы, мінез-құлқы бұзылу) ауру түрі болса, бұл жағдайда емделу үкімі парыз болады.

Кемтарлық және басқа да кемшілікке апармайтын тек қана оның тәнін әлсіз қылатын жағдайда үкімі мандуб болады. Яғни емделу дұрысырақ.

Келтірген мысалдардан өзге жағдайлар, профилактикалық ем-дом алу, дәрумендер қабылдау үкімі мубах саналады.

Егер ем қабылдау арқылы ауруы одан әрі асқынатыны белгілі болса, бұндай емнің үкімі мәқруһ саналады.

Мәжбүрліктен тыс, шариғат тыйым салған нәрсемен ем алу үкімі харам болады (Қалымбет, 2022).

Ем алудың келесі түрі ота жасау

Ағзаның ішкі бөліктері немесе күрделі ем алу медициналық ота жасау арқылы ғана жүзеге асатын жағдаяттар болады. Медициналық ота жасау мәселесі жасалу мақсатына қарай 3 түрге бөлінеді.

Бірінші, Науқастың ауруын зерттеп дертін жоюға қатысты ота жасау Бұл емдік мақсатта жасалатын отаның түрі. Ислам ғұламалары бұл ота түріне бірауыздан рұқсат берген.

Екінші, Науқасқа қастандықпен жасалатын немесе өлім себебін анықтау мақсатында жасалатын ота. Ашықтап айтсақ, қылмысты анықтау себебімен жасалатын ота. Отаның үкімі: ғұламалар бұл отаны «Егер ота жасаушы әділ, әрі шыншыл адам болса, рұқсат деп бекітеді.

Үшінші, Ғылыми мақсатта, болашақ мамандарға тәжірибе ретінде зерттеу мақсатымен жасау түрі. Ислам ғұламалары отаның бұл түріне қатысты бірнеше пікірде. Бір тобы құптамайды, келесісі ғалымдардың тәжірибесіне жүгінуді, мәселені жағдайға байланысты қарастыруды алға тартады (Ерімбет & Аманкүл, 2024).

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» заңында, Патологиялық-анатомиялық союды өлімнің себептері жайлы ақпарат алу және диагнозды анықтау мақсатында жүргізіледі делінген (Әділет.кз, 2020). Қорыта айтсақ, емдік және өлім себебін табу мақсатымен ота жасау шариғат тұрғысынан да, заң тұрғысынан да құп көріліп рұқсат беріледі.

Трансплантация мәселесі

Трансплантация қазіргі заманның жемісті жаңалықтарының бірі. Бұл ота адамның өмір сүруін жалғастыруына шешуші фактор болатын жағдаяттар бар. Ал осы ота түрінің барлығы дерлік шариғатқа сай келе ме? Трансплантация мәселесіне рұқсат берілу себебіне мұсылман құқығының қайнар көзі ретінде Құран Кәрімнен дәлел келтіре кетсек:

Зәру жағдай болғанда, тыйым салынған кейбір мәселелер өз күшін жоятындығы бірнеше аятта баяндалған. Олар Бақара сүресі 173 аят, Мәида сүресі 46 аят (Алтай, 1991). Осыған мазмұндас аяттарда да зәрулік туындаған жағдайларда, яки оны адам өзі туындатпаса һәм шариғат шеңберінен шықпаса харам қылынғандар шартты түрмен рұқсатқа өтетіндігі баяндалған. Ашып айтсақ, адам өмірі өлім аузында жатса, оған өзге адамнан ағза орнатудан өзге жолы еш ем бермейтін болса, бұл шынайы зәру жағдайға жатады. Бұл жағдайда оған өзге ағзаны ауыстырып салуға рұқсат етіледі.

Мәида сүресі, 32 аятта: «Кімде кім бір адамды өлтірсе барлық адамзатты өлтіргендей күнә арқалайды, ал кімде-кім біреуді өлімнен құтқарып қалар болса барлық адамзатты өлімнен құтқарғандай болады». Осы аятта айтылғандай қиындыққа душар болған адамға көмектесіп, өлімнен арашалау үкімі парыз кифая, яғни үмбеттің ішінен біреуі орындауы қажет (Алтай, 1991).

Негізгі исламдық құқықтық-этикалық (шариғи) қағидаттар

Исламдық құқық (фиqh) тұрғысынан төмендегідей негізгі мәселелер қарастырылады:

Дене мен өмірдің қасиеттілігі («қидтул-ахлак», әмәнә): Адам тәні Алланың аманаты болып есептеледі; оны зиян келтірмей, кемсітпей, құрметпен күтуі қажет (Aasi, 2003).

Қажеттілік (дарура) қағидасы: «Қажет кезінде» (зәрулік) кейбір тыйым салынған нәрселерге рұқсат берілуі мүмкін. Мысалы, ағза трансплантациясы өмірді сақтауға бағытталса, кейбір шариғи рұқсаттар сөз болуы мүмкін (Dayan & Sheraz, 2021).

Ерікті келісім (қуат-еркіндік) және зиян келтірмеу қағидасы: Донор толық ақпаратпен келісуі керек; донорға зиян келтірілмеуі міндет (Sahin, 2002).

Орган саудасының тыйылуы: Адам ағзасы коммерциялық мақсатта сату немесе сатып алу ислам құқығы бойынша әділетсіздік, аманатқа қарсы әрекет болып есептеледі (Md. Sanwar, 2022).

Өлімнің анықтамасы және мәйітке құрмет көрсету: Мәйіттің денесін кесу, ағза-мүшесін алу мәселесінде исламдық көзқарастар біржақты емес. Кейбір ғалымдар мәйіт денесін бүлдіруді қатаң түрде тыйған (Sachedina, 2011).

Шариғи мақсаттар (Мақасид әш-шариға): Органдар трансплантациясы арқылы адамның өмірін сақтау және зиян келтірмеу – шариғи мақсаттарға сай болуы тиіс.

Органдарды трансплантациялау туралы әртүрлі ұстанымдарды қарастырмас бұрын, осы пікірталаста қолданылған исламдық дереккөздерге қатысты кейбір қағидалар орынды. Ағзаларды трансплантациялау – ислам еңбектерінде ашық түсіндірілмеген түйікті мәселе.

Тақырыпты талқылап жатқан ғалымдар, егер Жаратушы бұл тақырыпта айтқан болса, нені қалайтынын Құранда баяндаған. Барлық талқылаулардың бастау нүктесі – үнсіздік. Құранда денеге меншік құқығы (Sachedina, 2011), адамның қадір-қасиеті және дене жаракатын салуға тыйым салады деген (Ebrahim, 1995) сияқты бай-

ланысты дерексіз тақырыптарды түсіндіру үшін алынған. Бұл дерексіз ұғымдар, оларды кім түсінетініне байланысты кез келген жолмен дәлелдеуге болады. Осылайша, органдарды трансплантациялау туралы пікірталас «заңды талдау» (ижтиһад) саласына жатады (Musa, 1998), бұл көптеген пікірлердің болуының себебі.

Пәтуа – ижтиһадтың өнімі, ол мүфтидің ислам құқығы бойынша білім алған маманның міндеттемейтін құқықтық пікірі. Технологияның және арнайы білімнің күрделі сипатын ескере отырып, мұсылман әлеміндегі қазіргі тәжірибе конференцияның сипатына қарай мүфтилер, медицина дәрігерлері, заңгерлер және басқа да мамандар тобын біріктіретін конференциялар өткізу болып саналады. Мұндай конференциялардағы ұжымдық талқылаулар ижтиһад жамғи (ұжымдық құқықтық пайымдау) деп аталатын жаңа пайымдау тәсілінің және діни үкімдерге келудің жаңа тәсілінің тууына әкеледі (Kaif, 2017).

Конференцияларда қабылданған қарарлардың заңды күші жалғыз мүфтидің пәтуасынан жоғары, өйткені ол конференцияларға үкіметтің заң шығарушы органдары қатысады. Мысалы, 1988 жылы Джиддадағы Халықаралық Ислам Фикһ Академиясы (ИФА) қабылдаған қарар Сауд Арабиясы үкіметінің оны органдарды трансплантациялау жөніндегі ресми ұстанымы ретінде қабылдауына әкелді. Али Әл Бәар өзінің мүшелерді трансплантациялау туралы жан-жақты зерттеуінде осы заңның нәтижесінде 1991 жылға дейінгі кезеңде Сауд Арабиясында 823 сәтті бүйрек трансплантаты болғанын, оның 352-сі неврологиялық критерийлер бойынша өлімі анықталған науқастардан және тірі отбасы мүшелерінен 471 донорлық сатып алынғанын жазады (MukhamadAli, 1994).

Мұсылмандардың ағза трансплантациясы туралы алғашқы зерттеулерді ғылыми аренадағы пікірталастарын сауд ғалымы Абдул-Рахман әл-Саади (1965 ж. қайтыс болған) жазған және ол 1925 жылдан басталады. Әл-Саади өзінің пікірталастарын ерлер трансплантациясының қай жағында екенін қарсыластар мен жақтаушылар арасындағы пікірталас ретінде анықтайды. Десе де, ол мақаладан оның ұстанымын ажырату қиын емес. Саудиялық биоэтика маманы Абдулла Әлжуди өз зерттеулерін Гарвард биоэтика конференциясына 2018 жылы постер ретінде ұсынуға дайындалып, әл-Саадидің пәтуасын сандық түрде анықтады. Әлжуди мақаладағы 1476 сөздің ішінде әл-Саади тыйым салу ұстанымын сипат-

тайтын 22,6% бөлігін қорытады. Оның мақаласының негізгі бөлігі (57%) бір уақытта орган трансплантациясының қарсыластарына жауап беру үшін және оның пайдасына уәж айту үшін қолданылады (Aljoudi, 2018). Бір қызығы, әл-Саадидің пікірталастары қан құю және мүйізді қабықты трансплантациялау мәселелеріне арналады. Әл-Саади кезіндегі трансплантация медицинасының жағдайын ескере отырып, бұл назар аударуды түсінуге болады. XX ғасырдың басында органдарды трансплантациялау әлемінде өзгеріс болды. Әл-Саадидің оны талқылау контексті үлкен жетістіктер ашылғанға дейін пайда болды. Осылайша, ол медициналық мамандарға сенім артатын және заңгерлер мен медициналық сарапшыларды осы мәселе бойынша бірлесіп жұмыс істеуге шақыратын жалпы нұсқаулықты ұсынады. Пікірталаста сонымен қатар медицина саласының дамып келе жатқанына назар аударады, бір заманда зиянға байланысты тыйым салынған нәрсеге үлкен әлеуетті артықшылықтарға байланысты рұқсат етілуі мүмкін екені келтірілген (Maravia, 2019).

Ағзаларды трансплантациялау туралы бұрынғы зерттеулер мен пәтуалар бүкіл денеге пәтуа беруден гөрі, ең алдымен, жеке мүшелер мен тіндерге бағытталған. Ең алғашқы зерттеулер қан құюға, одан кейін мүйізді қабық тініне назар аударылды. Тек XX-шы ғасырдың 60 жылдары аяғында жеке мүшелерді емес, мүшелерді трансплантациялау туралы жалпы пікірталас басталды. Ағзаларды трансплантациялау туралы соңғы пәтуалар жатырды трансплантациялау және митохондрия ДНҚ трансплантациясы сияқты жаңа және әдеттегі емес трансплантацияларды зерттейді.

Осы пәтуалар мен талқылауларды жан-жақты зерттеудің нәтижесінде келесі тақырыптардың оларда өте жоғары деңгейде екенін аңғаруға болады:

1. Жаратушы адам денесінің иесі,
2. Адамның қадір-қасиеті,
3. Қажеттілік,
4. Альтруизм және қайырымдылық,
5. Пайда мен зиян,
6. Өлімнің анықтамасы.

Біздің зерттеу орган трансплантациясы туралы осы пікірлердің кейбір кішігірім вариацияларынан басқа жеті негізгі пікір бар екенін анықтады. Төменде осы пікірлерді ұсынамыз; әрбір позиция үшін біз кейбір құқықтық анықтама берушінің аты-жөнін, оның негізгі дәлелдерін және сол дәлелдерге жауабын көрсетеміз.

Біз бірінші және екінші позициялармен жұмыс істейтін кеңістіктің айтарлықтай көлемін пайдаланамыз, өйткені кейінгі позициялар осы екеуі сияқты бірдей ресурстар пулынан алынады.

Органдарды қабылдау және донорлық ету рұқсат етілген пікірі

Органдарды трансплантациялау хирургиясы күнімізде бүкіл әлемде әдеттегі тәжірибе болып саналады. Келтіріп отырған процедура қоғамды жақсарту үшін, адам өміріне қатысты ең жақсы технологиялық жетістіктердің бірі ретінде қарастырылады. Осы позицияны жақтаушылар осыны түсінеді және белгілі бір ескертулермен қан айналымы немесе неврологиялық критерийлер арқылы анықталған тірі және өлі мүшелерде ағзаны қабылдауды да, донорлықты да рұқсат етілген деп жариялады. Бұл 1985 жылы Исламдағы өмірдің басталуы мен аяқталуы тақырыбына арналған екінші конференцияда резолюцияға келген Кувейттің Медициналық ғылымдар ислам ұйымының пікірі (ИФА-да келтірілген) (IOMS, 1985).

Бұдан кейін Жидда қаласындағы Халықаралық Ислам Фикһ Академиясы (ИФА) 1986 жылы Амманда (Иордания) өткен 3-ші конференциясында және 1988 жылы Жиддадағы 4-ші сессияда неврологиялық критерийлер бойынша анықталған өлім ажалды өлім деп саналған (ИФА198) резолюциясымен жалғасты. Бұл сондай-ақ Әл-Азһар университетінің бұрынғы ректоры Тантауи (2010 ж. қ.б.) (Хамды 2012, 48-бет), Юсуф Әл-Қарадауи (2009) сияқты көрнекті ислам ғалымдарының пікірі. Ұқсас пәтуаны 1995 жылы Ұлыбританияда Зәки Бәдауи шығарған (оны NHS қолданады) (Вадауи, 1995). Сондай-ақ бұл қарар 2000 жылы 6-шы сессияда жарияланған Еуропалық пәтуа және зерттеулер кеңесінің шешімі болды және трансплантация медицинасы дамыған сайын және адамдар трансплантацияның қажеттілігі мен пайдасы туралы көбірек білетіндіктен мұсылман әлемінде ең танымал болып келе жатқан пікір болып саналады (Ministry of Health Malaysia, 2011).

Ми өлгеннен кейін мүшелерді алуға рұқсат етілмейді

Бұл тұжырымды жақтаушылар тірі және қан айналымы бұзылған науқастардан органдарды қабылдауға және донорлыққа рұқсат бергенімен, донордың өлімі неврологиялық критерийлер арқылы анықталған кезде органдарды алуға рұқсат беруге қатысты елеулі ескертулерге ие. Бұл ғалымдар үшін бұл ерекше жағдайды жасайды, онда пациент бір жағынан өлген болса да, екінші

жағынан жылу, жүрек соғысы және тыныс алу сияқты тірі белгілері бар. Кейбіреулер өлімнің болжамы оның диагнозымен шатастырылды, ал ағзаның өлімі органның өлімімен байланыстырылады деп айтады. Тыныс алу сияқты белгілі бір соматикалық әрекеттердің механикалық түрде болса да болуы денеде жанның бар екендігінің көрсеткіші. Өмірдің сол сәтте тоқтауы өліп жатқан, бірақ тірі адамды өлтірумен бірдей.

Көптеген беделді ғалымдар осы пікірді ұстанады, соның ішінде Мысырдың бұрынғы мүфтиі және әл-Азһардың экс-ректоры әл-Хақ Әли Жад әл-Хак (1996 ж. қайтыс болған) (1979); сириялық ғалым Мұхаммед Саид Рамадан әл-Бути (2013 ж. қ.б.) және Мысырдың тағы бір бұрынғы бас мүфтиі Мұхаммед Әли Жұма (2003) пікірі. Бұл ұстанымды NHS (Ұлыбританиядағы Денсаулық сақтау ұйымы) тапсырысы бойынша шығарылған соңғы тәуелсіз пәтуаның авторы Мұхаммед Зубаир Батт алады (Сачедина, 2011).

Қазақстандағы практика не дейді?

Қазақстанда трансплантация саласын реттейтін негізгі нормативтік актілердің бірі – Ағзаларды (ағзаның бөлігін) немесе тіндерді (тіннің бөлігін) алу, дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау, донордан реципиентке трансплантаттау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы 2020 жылғы № КР ДСМ-207/2020 бұйрығы (Әділет.кз, 2020). Сондай-ақ, 2022 жылы азаматтар қайтыс болғаннан кейін ағзаларын беру немесе бас тарту туралы өз еріктерін тіркеу мүмкіндігіне ие болды. Заңда тірі донордан ағзаны алу үшін нотариатпен расталған жазбаша келісім қажет екендігі көрсетілген (Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі, 2023).

Қазақстанда 2022 жылғы дерек бойынша трансплантация күтіп жүргендер – 3 562 адам (оның ішінде 77 бала) тіркелген (Kazakh Telegraph Agency, 2022). 2024 ұйымдастырылған семинарда «соңғы 10 жылда 2,5 мыңнан астам ағзаны трансплантациялау операциясы жасалды. Сонымен қатар, дерекке сәйкес, өлі донордан ағзаларды алу әрқашан көп емес: әзірге тірі донордан алынған ағзалар үлесі жоғары (82-83 %) («ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі, 2022).

Трансплантацияға қатысты пікір:

№1 Органдарды алуға да, донорлыққа да тыйым салынады.

Бірінші позицияны адамға қалай қарау керектігі туралы стандартты ұстаным деп санауға болады. Бұл ұстанымды жақтаушылар мынаны дәйек етеді.

Адам ағзасын мүмкіндігінше ешқандай араласусыз табиғи тұтастығында қалдыру керек деген түсінікте. Бұл түсінік Құран аятында бекітілген «бастапқы табиғи күй» (фитрат) туралы ислами түсінігінен туындайды. Рум сүресі, 30 аятта: «Бұл Алланың адамға берген табиғи жағдайы және Құдайдың жаратуына еш өзгеріс жоқ». (Алтай, 1991). Бұл ұстанымды жақтаушылар үшін орган трансплантациясы екі түрде де – пайда табу және донорлыққа тыйым салынады. Бұл көзқарасты, Мұхаммед Митуәлли әш-Шарауи (1998 ж.) (Әш-Шарауи 1987 ж.), Абдулла Сиддик әл-Ғұмари (1993 ж.) және Ғабду әс-Сәләм Әбд әр-Рахим әс-Суккари (1988 ж.), сынды зерттеушілер ұстанған. Бұл ғалымдар өз ұстанымдарын растау үшін төрт түрлі дереккөзге жүгінгенін көрсетеді: 1) Қайнар көз, 2) классикалық ислам құқығы, 3) қоғам пікірі және 4) мәдени көзқарас (Rashid, 2018).

Жазбаға сілтеме жасай отырып, мына екі негізгі дәлел алға тартылады: 1) Құдайдың адам денесіне иелік етуі және (2) адами қадір-қасиет. Құран барлық нәрсенің билігін Оның иелігіне жатқызады: Мүлік сүресі, 1 аятта «Әр нәрсені Өзінің қолында ұстаушы, әр нәрсеге күдіреті жетуші Алла пәк». (Алтай, 1991). Құранда адамдарды Алланың мүлкі деп ерекшелейді: Нәс сүресі, 1-3 аятта: «Айт: «Адамдардың Раббысына, адамзаттың Құдайына пана сұраймын» (Алтай, 1991). Бұл аяттар мынаны меңзейді, Құдай адам денесінің нағыз иесі, ал адамдар тек басқарушы және басқарушы тетік ретінде әрекет етеді. Басқару адамдардың өз денелеріне билік етуде шексіз еркіндігі жоқ екенін көрсетеді. Бұл еркіндік әділ пайдалану саясатын қамтитын жауапкершілікпен шектелуі керек (Sachedina, 2011).

№2 Донорларға тек тірі донорлардан ғана рұқсат етіледі

Бұл позицияны жақтаушылар ағзаны алуға рұқсат етілгенімен, ағзаны тірі кезінде ғана беруге болады деп есептейді. Адам қайтыс болғаннан кейін донорлыққа жол берілмейді. Бұл пікір Үндістан субконтинентінен келген ғалымдардың айтарлықтай санына ие және сонымен бірге 1989 жылы өткен Үнді Ислам Фикһ академиясының шешімі болып саналады (Sachedina, 2011).

Бұл ұстанымды жақтайтын ғалымдар бірінші позицияның ғалымдарымен өліге берілген қадір-қасиетке қатысты келіседі. Бұл ұстанымды жақтаушылар өлгендердің қасиеттілігі (һурма) құрмет, адам құрметтілігі тірі кезінде, өмірден өткеннен кейін де бірдей деп түсіндіреді.

Бұл олардың өлген мемлекетінде сақталуын талап етеді. Кез келген араласу марқұмның қа-

дір-қасиетін қорлау болып табылады, сондықтан рұқсат етілмейді. Бұл топ ғалымдары одан әрі қателесіп, тірі ағзаны донорлық ету адам өмірін сақтап қалудың талаптарын орындайтындықтан, өлілерге жүгінудің қажеті жоқ деп есептейді. Әлбетте, бұл топтың ғалымдары олардың көзқарасы айтарлықтай төмендейтінін білмейді.

Қан, сүйек кемігі және кейбір тіндер сияқты өмірлік маңызды емес органдарға ғана донорлық үшін қол жетімді органдар қоры.

№3 Қайтыс болған донорлардан ғана донорлыққа рұқсат етіледі деген пікір.

Бұл пікір алдыңғы пікірге қарсы. Органды сатып алуға рұқсат етіледі, бірақ тірі донордан емес, қайтыс болған донор болған жағдайда ғана. Бұл пікірді Меккедегі Ислам фикһ кеңесінің Ахмад Фаһми Әбу Сунна (2003 ж. қ.б.) және Камерунның бұрынғы бас мүфтиі Мұхаммед Абдуррахман ұстанады. Олардың орган сатып алу және донорлық пайдасына дәлелдері екінші пікірге толығымен сәйкес келеді. Дегенмен, олар ағзаны сатып алуды тірі донорларға емес, мәйіттерге шектейді. Алайда, бұл позицияны жақтаушылар орган донорлығын талқылағанда, «екі зиянды салдар кезіксе, ең азын таңдау керек» сияқты заңды максимумдарды, сондай-ақ «үлкен пайда үшін аз зиянға жол беріледі» деген қағидасын келтіреді. Бұл пікір тек өмірден өткеннен кейін орган донорлығына рұқсат етілген деген қорытындыға әкеледі (Ерімбет & Аманқұл, 2024).

Дәлелі мынадай логикаға негізделген: мәйіттен мүшені алу марқұмның қадір-қасиетіне нұқсан келтіреді. Қайтыс болған адамның қорғалуы тиіс белгілі құқықтары бар. Оларға дене бітіміне қол жеткізу, дұрыс шомылу, кебін кию және тез арада жерлеу құқығы жатады. Осы құқықтардың кез келгенін бұзу қайтыс болған адамға зиян болып саналады. Дегенмен, бұл зиян құтқаруға болатын өмірді жоғалтудан болатын зиянға қарағанда азырақ және төзімдірек. Бұл ұстанымды жақтаушылар үшін мәйітке келтірілген зиянға жол беруге болады, ал оның қадір-қасиеті өліп жатқан адамның өмірін сақтап қалу үшін жоғары мақсатқа қол сұғады. Бірақ, керісінше, Ахмад Фаһми тірі адамның шарифат белгілеген салауатты өмір сүруге құқығы бар екенін, ал әлеуетті донордың бұл құқықты бұзуға құқығы жоқ екенін алға тартады. Ахмад Фаһми өмір сүруге жарамсыз тұтас органды беру ақыр соңында ауруға және донордың денсаулығының одан әрі асқынуына әкеледі деп санайды. Бұл жағдайда зиян мен пайданың екі түрі бар. Дені сау адамның өліміне еріксіз әкелетін зияны ағ-

заға мұқтаж адамға (оның өліміне әкеліп соғуы мүмкін) зиянынан және мүшені алған жағдайда ұзағырақ өмір сүрудің пайдасынан ерекшеленеді. Ахмад Фаһми сау тірі жанның зияны өліп жатқан адамға келтірілген зияннан көбірек болады деп есептейді. Демек, бұл жағдайда зияны пайдасынан асып түседі, сондықтан тірі донорлыққа жол берілмейді. Ахмад Фаһмидің дәлелдерін мұқият оқып шықсақ, оның ұстанымын жеткізу кезінде мұсылман әлеміндегі трансплантация медицинасының жай-күйі туралы белгілі бір түсінікке негізделгенін, ол оны алдын ала медициналық білім деп санайтынын көрсетеді. Дегенмен, трансплантация медицинасындағы жетістіктер еленбейді. Ахмад Фаһмидің сенімдерін сыни талдау тірі ағзаларды донорлыққа балама көзқарасқа әкелуі мүмкін. Оның үстіне, Ахмад Фаһмидің көзқарасы бұрынғы медициналық білім туралы болжамға негізделген. Алайда, егер донордың да, реципиенттің де денсаулығының жоғары деңгейі мен сапасы қамтамасыз етілсе, Ахмад Фаһмидің көзқарасын қайта қарау керек еді (Sachedina, 2011).

№4 Шешімді кейінге қалдыру

Бұл позиция осы мәселе бойынша шешімді одан әрі зерттеуге дейін кейінге қалдыруды ұсынады. Бұл пікірді Мұхаммед Шафидің ұлы, пәкістандық ғалым Мұхаммед Тақи Усмани ұстанады. Өзінің консервативті емес көзқарасына қарамастан, Усмани адамдарға қажет болған жағдайда рұқсат етілген пәтуалардың бірін пайдалануға мүмкіндік береді (Усмани, 2011). Кейбір мұсылмандар арасында кең тараған бұл позицияның шамалы шикілігі бар, бірақ оны зерттеген ғалым жоқтың қасы. Бұл пікір қажет болған жағдайда органды алуға болады, бірақ оны беруге болмайды деп болжайды, себебі бұл қажеттілік жеке тұлғаның шеңберінен шықпайды. Бұл пікір «қажеттілікті» тар және индивидуалистік тұрғыдан түсінуге негізделген. Жоғарыда (екінші тармақта) біз қажеттіліктің екі жақты процесс екенін келтірдік. Адам өзін өлімнен құтқару үшін жеуге немесе тыйым салынған нәрселерді пайдалануға рұқсат етілсе, басқалардың өліп қалмауы үшін оны жеңілдету де ортақ міндет (парыз кифая) болып табылады (Sachedina, 2011).

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының пәтуасы

Тірі адамның ағзасын келесі тірі адамға көшіру жағдайы; оған келесі шарттардың болуы талап етіледі.

1. Аса қажеттілік, яғни зәруліктің болуы. Сондай-ақ ағза беруші адамның ақыл-есі бүтін,

балиғатқа жеткен болуы және ерікті түрде беруі басты шарт.

2. Жасалатын отаның толықтай пайдалы болатынына толықтай көз жетсе, яғни бос қинау болмау керек.

3. Донордың отадан кейінгі өміріне еш зиян тимейтініне медицина мамандарының нақты тұжырымы болуы қажет.

4. Донорлық сауда-саттық сипатында болмауы тиіс.

5. Кем дегенде үш адамнан тұратын дәрігерлердің отаның пайдалы болатынына нақты сенімді екенін білдіретін жазбаша түрдегі шешімді донор мен реципиентке (науқас) беруі тиіс.

6. Ауыстырылатын ағза ұрпақ тарату мүшелеріне байланысты болмауы шарт (Мүфтият.кз, 2023).

Қайтыс болған адамнан тірі адамға көшіру жағдайы; оған келесі шарттардың болуы талап етіледі.

1. Шарифат көзқарасында ағза берушінің өлімі нақты болуы, яғни жерлеуге рұқсат беретін жағдай (клиникалық өлім немесе миы өліп, басқа ағзасы жұмыс істеп тұрған жағдай әлі өлген болып есептелмейді). Адамның жаны шыққанын немесе шықпағанын 3 адамнан құралған білікті медицина мамандары жазбаша түрде куәлік етуімен бекітіледі, сондай-ақ бұл мамандардың мемлекеттік дәрежедегі расталған маман болуы шарт.

2. Трансплантация жасау аса зәрулікте болуы, яғни медицина мамандары осы отадан басқа емдеу жолы қалмағанын нақты айтуы тиіс.

3. Ағза беруші жан тірі кезінде ағзасын беруге рұқсатын өсиет етіп қалдыруы тиіс, өйткені трансплантация адамды қорлауға апармауы керек.

4. Ауыстырылатын ағза-мүшенің ұрпақ тарату жүйесімен байланысы болмауы шарт.

5. Аталмыш оталар мемлекеттік деңгейдегі расталған, бақылау аясындағы мекемеде жүзеге асырылуы шарт.

6. Ағзаны ауыстыру донор мен реципиент арасында материалдық қайтарымсыз жасалуы қажет (Мүфтият.кз, 2023).

Қорытынды

Жоғарыда аталған ұстанымды егжей-тегжейлі қарастыра отырып, біз ағзаларды ауыстыру мәселесіне «дұрыс» (халал) немесе «бұрыс» (харам) деген нақты жауап жоқ екенін көрсеттік. Шарифат тұрғысынан бұл ижтиһади мәселе, сондықтан адамдар өздерінің мәдениеті мен сенім жүйесіне сәйкес жоғарыдағы ақпаратты еске-

ре отырып ұстаным таңдауға ерікті. Исламдық дереккөздерде ағзаны трансплантациялау туралы ескертудің болмауы көптеген нұсқаларды зерттеуге жол тудырады. Бұл нұсқалар өмірге, өлімге, өлілерге және қоғамға деген көзқарасқа, сондай-ақ Құран аяттарына көзқарас пен ислам құқығын түсінуге қатысты кеңірек мәселелерді нақты түсінуден туындайды. Шындығында, бұл жерде Мақасид шәриғаның екі мақсаты арасында мәселе бар: дінді сақтау құқығы және өмірді сақтау құқығы.

Ағзаларды трансплантациялауға қарсы болғандар мұны Алла Тағаланың мүлкіне автономиясына, Исламның адамдарға беретін қадір-қасиетіне, дененің тұтастық құқығы мен өлтірілмеу немесе мақсатқа жету құралы ретінде һәм сауда-саттық нысаны ретінде пайдаланылмау құқығына қатысты шарифат ережелерін бұзады деп санайтындықтан жасайды.

Ағзаларды трансплантациялауды жақтаушылар, керісінше, өмірді сақтау құқығы дінді сақтаудан гөрі шарифаттың маңызды мақсаты екенін айтады. Тіршілікті сақтауға анағұрлым итермелейді, себебі адам зәруліктегі қажеттілікке көнбейтін болса, өмірді алмастыратын ештеңе жоқ. «Дарурат тубиху әл-махзурат» зәру жағдайда тыйым салынғанға рұқсат беріледі қағидатына сүйенеді. Осылайша, бұрынғы ұстанымды жақтаушылар донордың жағдайы мен дене тұтастығына көбірек назар аударады.

Атап айтқанда, жоғарыда талқыланған оңтүстік азиялық ғалымдар үшін дене киелі, ал оны пәк сақтау – бұл діни императив (әмр тағаббуди), ережелері мәңгілік өзгеріссіз қалады.

Оның үстіне дене – діни, әлеуметтік және мәдени болмыс пен тәртіптің қорғаны. Қоғамды әлеуметтік тәртіпсіздіктен қорғау тұрғысынан қоғам әрқашан денені бақылауды жүзеге асырды, адамзат арасында теңдік, әділеттілік болуы үшін дене тұрғысына нақты заңнамалық көрініс аса маңызды.

Авторлар үлесі

Ерімбет Рамзан Еділбекұлы: концептуализация және деректерді өңдеу, зерттеу процесін жүргізу, жобаны басқару, мақаланың бастапқы нұсқасын жазу, мәтінді редакциялау және толықтыру.

Аманкүл Темур Оралбайұлы: бақылау, әдіс-тәсілдерді әзірлеу, зерттеу, ресми талдау, нәтижелерді тексеру, мәтінді редакциялау және толықтыру.

Әлтаева Нұрсұлу Сауранбекқызы: көрнекі материалдар дайындау, мәтінді редакциялау және толықтыру, бақылау, ресурстармен қамтамасыз ету.

Мохаммад Фикри Мохд әл-Бақри: ресурстармен қамтамасыз ету, бағдарламалық қамтамасыз ету

Әдебиеттер

- Aasi, G. (2003). Islamic legal and ethical views on organ transplantation and donation. *Zygon: Journal of Religion and Science*, 38(3), 725–734.
- Aljoudi, A. (2018). *Poster: A “liberal” decision by a “conservative” scholar: The early organ transplantation discussion in the Muslim world*. <https://iamalbassam.files.wordpress.com/2018/04/abc-poster-2018-aljoudi-v3.pdf>
- Алтай, Х. (1991). *Құран Кәрім: Қазақша мағына және түсінігі*. Мәдина: Құран Шариф баспа комбинаты.
- Әділет.кз (2020). Ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу, дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау, донордан реципиентке трансплантаттау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы. Adilet.kz. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021683>
- Әділет.кз (2020). Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы заң. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/k2000000360>
- Badaui, Z. (1995). *Organ transplantation*. Retrieved from <http://www.iol.ie/~afifi/Articles/organ.htm>
- Dayan, F., Muhammad Sheraz, M., Mahmood, A. K. A., & Islam, S. (2021). The maxim of necessity and its application to organ transplantation: An Islamic bioethical perspective. *Bangladesh Journal of Medical Science*, 20(3), 511–524.
- Ebrahim, A. F. M. (1995). Organ transplantation: Contemporary Sunni Muslim legal and ethical perspectives. *Bioethics*, 9(3–4), 291–302.
- Ерімбет, Р. Е. & Аманкүл, Т. О. (2024). *Исламдағы биоэтикалық мәселелер* [Диссертациялық жұмыс]. Алматы: Islamic Organization of Medical Sciences. (1985). Resolution. *Majallat al-Majma' al-Fiqh al-Islami al-Duwali*, 3, 729–732.
- Kair, A. (2017). Facts, values, and institutions: Notes on contemporary Islamic legal debate. *American Journal of Islamic Social Sciences*, 34(X), 42–72.
- Kazakh Telegraph Agency (2022). Kazakh citizens can consent to organ donation during their lifetime after death. KazTAG. Kazakh citizens can consent to organ donation during their lifetime after death
- «ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі (2022). Қазақстанда донорлық ағза кезегінде қанша адам тұр? ҚазАқпарат. https://kaz.inform.kz/news/kazakstanda-donorlyk-agza-kezeginde-kansha-adam-tur_a3991466/

- Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі (2023). Ағзаларды трансплантаттау туралы не білу керек? Egov.kz. https://egov.kz/cms/kk/articles/health_care/organ_transplantation
- Қалымбет, Қ. (2022). *Трансплантация түрлері және шариги үкімдері*. Нұр-Мұбарак баспасы
- Maravia, U. (2019). Re-examination of the fatawa on organ donation in light of current medical developments. Ministry of Health Malaysia (2011). *Organ transplantation from the Islamic perspective*. Transplantation Unit. Retrieved from [Google Scholar]
- Musa, I. (1998). Transacting the body in the law: Reading fatwa on organ transplantation. *Afrika Zamani: Revue Annuelle d'Histoire Africaine*, 5–6, 292–317.
- Md. Sanwar Siraj (2022). How a compensated kidney donation program facilitates the sale of human organs in a regulated market: the implications of Islam on organ donation and sale. *Philosophy, Ethics, and Humanities in Medicine*, 17, 10. https://peh-med.biomedcentral.com/articles/10.1186/s13010-022-00122-4?utm_source=
- Rashid, R. (2018). *Organ transplantation: An Islamic perspective to human bodily dignity and property in the body*. Al-Balagh Academy. Retrieved from <https://www.albalaghacademy.com>
- Rakhmani, K. S. (2010). *Jadid Fiqhi Masa'il* (Vol. 5, p. 59). Karachi: Zamzam Publishers.
- Sachedina, A. (2011). *Islamic biomedical ethics: Principles and application*. Oxford University Press.
- Sahin Aksoy (2002). A Critical Approach to the Current Understanding of Islamic Scholars on Using Cadaver Organs Without Prior Permission. *Bioethics*, 15(5-6), 461-472. https://philpapers.org/rec/AKSACA-2?utm_source=
- Usmani, M. T. (2011). *Fatwa on Organ Donation*. In Dar al-Ifta archives. Karachi: Darul Uloom Karachi.

References

- «ҚазАқпарат» Халықаралық ақпарат агенттігі (2022). Қазақстанда донорлық ағза кезегінде қанша адам тұр? [How many people are on the organ donor waiting list in Kazakhstan?]. ҚазАқпарат. https://kaz.inform.kz/news/kazakstanda-donorlyk-agza-kezeginde-kansha-adam-tur_a3991466/ (in Kazakh)
- Aasi, G. (2003). Islamic legal and ethical views on organ transplantation and donation. *Zygon: Journal of Religion and Science*, 38(3), 725–734.
- Aljoudi, A. (2018). *Poster: A “liberal” decision by a “conservative” scholar: The early organ transplantation discussion in the Muslim world*. <https://iamalbassam.files.wordpress.com/2018/04/abc-poster-2018-aljoudi-v3.pdf>
- Altay, Kh. (1991). *Quran Karim: Kazaksha magyna jane tusinigi*. Madinah: Kuran sharif baspa kombinaty.
- Badaui, Z. (1995). *Organ transplantation*. Retrieved from <http://www.iol.ie/~afifi/Articles/organ.htm>
- Dayan, F., Muhammad Sheraz, M., Mahmood, A. K. A., & Islam, S. (2021). The maxim of necessity and its application to organ transplantation: An Islamic bioethical perspective. *Bangladesh Journal of Medical Science*, 20(3), 511–524.
- Ebrahim, A. F. M. (1995). Organ transplantation: Contemporary Sunni Muslim legal and ethical perspectives. *Bioethics*, 9(3–4), 291–302.
- Islamic Organization of Medical Sciences (1985). Resolution. *Majallat al-Majma' al-Fiqh al-Islami al-Duwalī*, 3, 729–732.
- Kair, A. (2017). Facts, values, and institutions: Notes on contemporary Islamic legal debate. *American Journal of Islamic Social Sciences*, 34(X), 42–72.
- Kalymbet, K. (2022). *Transplantaciya turleri jane sharigi ukimder* [Types of transplantation and Sharia rulings]. Nur-Mubarak Press. (in Kazakh)
- Kazakh Telegraph Agency (2022). Kazakh citizens can consent to organ donation during their lifetime after death. KazTAG. Kazakh citizens can consent to organ donation during their lifetime after death
- Maravia, U. (2019). Re-examination of the fatawa on organ donation in light of current medical developments.
- Md. Sanwar Siraj (2022). How a compensated kidney donation program facilitates the sale of human organs in a regulated market: the implications of Islam on organ donation and sale. *Philosophy, Ethics, and Humanities in Medicine*, 17, 10. https://peh-med.biomedcentral.com/articles/10.1186/s13010-022-00122-4?utm_source=
- Ministry of Health Malaysia (2011). *Organ transplantation from the Islamic perspective*. Transplantation Unit. Retrieved from [Google Scholar]
- Musa, I. (1998). Transacting the body in the law: Reading fatwa on organ transplantation. *Afrika Zamani: Revue Annuelle d'Histoire Africaine*, 5–6, 292–317.
- Rakhmani, K. S. (2010). *Jadid Fiqhi Masa'il* (Vol. 5, p. 59). Karachi: Zamzam Publishers.
- Rashid, R. (2018). *Organ transplantation: An Islamic perspective to human bodily dignity and property in the body*. Al-Balagh Academy. Retrieved from <https://www.albalaghacademy.com>
- Sachedina, A. (2011). *Islamic biomedical ethics: Principles and application*. Oxford University Press.
- Sahin Aksoy (2002). A Critical Approach to the Current Understanding of Islamic Scholars on Using Cadaver Organs Without Prior Permission. *Bioethics*, 15(5-6), 461-472. https://philpapers.org/rec/AKSACA-2?utm_source=
- Usmani, M. T. (2011). *Fatwa on Organ Donation*. In Dar al-Ifta archives. Karachi: Darul Uloom Karachi.
- Yerimbet, R. Y. & Amankul, T. O. (2024). *Islamdagy bioethica maseleleri* [Bioethical problems in islam]. Almaty. (in Kazakh)
- Әділет.кз (2020). Ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тінің бөлігін) алу, дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау, донордан реципиентке трансплантаттау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы [On the Approval of the Rules and Conditions for the Removal, Procurement, Storage, Preservation, Transportation of Organs (Parts of Organs) and/or Tissues (Parts of Tissues), and Their Transplantation from Donor to Recipient.]. Adilet.kz. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021683> (in Kazakh)

Әділет.кз (2020). Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы заң [Law on Public Health and Healthcare System]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/k2000000360> (in Kazakh)

Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі (2023). Ағзаларды трансплантаттау туралы не білу керек? [What should be known about organ transplantation?]. Egov.kz. https://egov.kz/cms/kk/articles/health_care/organ_transplantation (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Ерімбет Рамзан Еділбекұлы (корреспондент-автор) – әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: Ramzan.2001.kz@mail.ru).

Аманқұл Темур Оралбайұлы – PhD, әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының қауымдастырылған профессоры (м.а) (Алматы, Қазақстан, e-mail: Amankulov_2007temur@mail.ru).

Әлтаева Нұрсұлу Сауранбекқызы – PhD, әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: nursulu.altayeva@gmail.com).

Мохаммад Фикри Мохд әл-Бакри – Малайя университеті исламтану академиясы ислам тарихы және өркениеті кафедрасының PhD докторанты (Куала-Лумпур, Малайзия, e-mail: M_fikri@um.edu.my).

Information about the authors:

Yerimbet, Ramzan Yedilbekuly (corresponding author) – PhD student of the Department of Religious Studies and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Ramzan.2001.kz@mail.ru).

Amankul, Temur Oralbayuly – PhD, Acting Associate Professor of the Department of Religious Studies and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Amankulov_2007temur@mail.ru).

Altayeva, Nursulu Sauranbekkyzy – PhD, Senior Lecturer of the Department of Religious and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: nursulu.altayeva@gmail.com).

Mohammad, Fikri Mohd Al-Bakri – PhD student of the Department of Islamic History and Civilization of the Academy of Islamic Studies, University of Malaya (Kuala Lumpur, Malaysia, e-mail: M_fikri@um.edu.my).

Сведения об авторах:

Ерімбет Рамзан Еділбекұлы (автор-корреспондент) – PhD-докторант кафедрасы религиоведения и культурологии факультета философии и политических наук Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: Ramzan.2001.kz@mail.ru).

Аманқұл Темур Оралбайұлы – PhD, и. о. доцента кафедрасы религиоведения и культурологии факультета философии и политических наук Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: Amankulov_2007temur@mail.ru).

Алтаева Нұрсұлу Сауранбекқызы – PhD, старший преподаватель кафедрасы религиоведения и культурологии факультета философии и политических наук Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: nursulu.altayeva@gmail.com).

Мохаммад Фикри Мохд аль-Бакри – PhD-докторант кафедрасы исламской истории и цивилизации академии исламских исследований Университета Малайя (Куала-Лумпур, Малайзия, e-mail: M_fikri@um.edu.my).

2025 жылы 6 қарашада тіркелді.
2026 жылы 20 ақпанда қабылданды.